Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 1 Хаттамасы
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«30» 10 2026 жыл

Қатысқаны: 11 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов
Кеңес хатшысы – А.Г. Бисенгалиева

Кеңес мүшелері:
1. Сағындыков Уалихан Кыдырулы. – «КЮЭС» КМК басшысының орынбасары – техникалық басшы
2. Әшірбек Д. С – «Динара» ЖК басшысы
3. Усенова Ж - 3 курс білім алушысының ата-анасы
4. Растегаев П. И – ТОО «Аркалык техосмотр», ТОО «Автошкола Торғай» басшысы
5. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
6. Кульжибаева Е.Д - 2 курс білім алушысының ата-анасы
7. Баймендина Г.У - 1 курс білім алушысының ата-анасы
8. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
9. Соколова Т.Ж. –ЖШС «Олви» директоры
10. Аубакиров Т.Г. – «Ардагерлер кеңесі» РҚБ төрағасы

Қатыспағаны: 2 адам
1. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы
2. Кожакова Ж.Х – Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ басшысының орынбасары

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, оның құрамына өзгерістер енгізу. Қамқоршылық кеңесінің 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Баяндамашылар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

2. Колледждің 2026-2027 оқу жылына арналған басым бағыттары. Қамқоршылық кеңесінің оқу-тәрбие процесін, материалдық-техникалық базаны және әлеуметтік әріптестікті дамытуға жәрдемдесуі.

Баяндамашылар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері; Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары.

3. Әлеуметтік серіктес кәсіпорындардың дуальды оқытуды ұйымдастыру және студенттерді өндірістік практикаға қабылдау үшін «Career Hub» («Мансап хабы») платформасында тіркелуіне жәрдемдесу; студенттерді «Enbek.kz» порталы арқылы рәсімдеуге ықпал ету.

Баяндамашылар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері; Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары.

4. Колледж шеберханаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатында 2026–2027 оқу жылындағы демеушілік және өзге де қолдау көрсетуді ұйымдастыру мәселесін қарастыру.

Баяндамашылар: Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

5. Әлеуметтік серіктестерге колледж көркемдік үйірмелерінің шығармашылық есеп беру. (кесте бойынша)

Баяндамашылар: Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, үйірме жетекшілері.

6. Студенттердің кәсіпорындарда сапалы практикадан өтуіне қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесу.

Баяндамашылар: Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, аға шебер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оның құрамына өзгерістер енгізу мәселесін таныстырды. Кеңес қызметін колледждің оқу-тәрбие процесін қолдауға, әлеуметтік серіктестермен байланысты нығайтуға және білім алушылардың мүдделерін ескеруге бағыттау ұсынылды. Қамқоршылық кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қарауға ұсынылып, ондағы отырыстар мен іс-шаралардың негізгі бағыттары талқыланды. Кеңес құрамына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда тиісті ұсыныстарды белгіленген тәртіппен қарау қажеттігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары колледждің 2026–2027 оқу жылына арналған басым бағыттары туралы баяндады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес жетілдіру, дуальды оқыту мен кәсіптік практиканың сапасын арттыру, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мәселелері атап өтілді. Сонымен қатар оқу-өндірістік базаны жаңарту, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні сауатты қолдану, педагогтердің кәсіби дамуы және «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмысын жетілдіру бағыттары таныстырылды. Кеңес мүшелеріне әлеуметтік серіктестерді тартуға, демеушілік қолдау көрсетуге және әлеуметтік көмекке мұқтаж студенттерді қолдауға атсалысу ұсынылды.

3-мәселе бойынша директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары дуальды оқытуды ұйымдастыру және студенттерді өндірістік практикаға қабылдау үшін әлеуметтік серіктес кәсіпорындардың «Career Hub» («Мансап хабы») платформасында тіркелуіне жәрдемдесу мәселесін ұсынды. Студенттерді «Enbek.kz» порталы арқылы рәсімдеуге ықпал ету, колледж бен кәсіпорындар арасындағы ақпарат алмасуды үйлестіру және осы жұмысқа жауапты тұлғалармен өзара байланыс орнату қажеттігі айтылды. Кеңес мүшелерінен серіктес кәсіпорындардың аталған жұмысқа қатысуына қолдау көрсету сұралды.

4-мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары колледж зертханалары мен шеберханаларының материалдық-техникалық базасын жетілдіру қажеттілігі туралы ақпарат берді. Колледжде «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)», «Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша зертханалар мен шеберханалар бар екені айтылды. Білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын дамыту үшін құрал-жабдықтарды жаңартуға, қажетті аспаптармен, қосалқы бөлшектермен және шығын материалдарымен қамтамасыз етуге әлеуметтік серіктестерден мүмкіндіктеріне қарай демеушілік және өзге де көмек көрсету сұралды. Қолдаудың нақты бағыттарын колледж қажеттіліктерін ескере отырып бірлесіп анықтау ұсынылды.

5-мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары колледждегі үйірмелер мен студенттердің шығармашылық мүмкіндіктері туралы ақпарат берді. 2026–2027 оқу жылында колледжде 8 үйірме мен клуб және 8 спорт секциясы

жұмыс істейтіні айтылды. «Әсем әуен» вокал, «Ата мұра» домбырашылар, «Қаламгер» жас ақындар мен жазушылар үйірмелерінің қатысушылары, өзге де өнерлі жастар және Студенттер парламентінің белсенділері әлеуметтік серіктес ұйымдардың кәсіби мерекелері мен атаулы күндері қарсаңында көшпелі құттықтау концерттерін ұсынуға дайын екені жеткізілді. Концерттерді серіктес ұйымдармен алдын ала келісілген кесте бойынша өткізу, бағдарламасына ән, күй, өлең және мерекелік құттықтаулар енгізу ұсынылды.

6-мәселе бойынша директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары мен аға шебер студенттердің кәсіпорындарда сапалы өндірістік практикадан өтуіне қолайлы жағдай жасау мәселесін баяндады. Практика орындарының білім алушылардың мамандықтарына сәйкестігін қамтамасыз ету, кәсіпорын тарапынан тәлімгерлерді бекітуге жәрдемдесу, еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау және практикалық тапсырмаларды оқу бағдарламасымен үйлестіру қажеттігі атап өтілді. Колледж бен кәсіпорындардың жауапты тұлғалары арасында тұрақты байланыс орнатып, студенттердің практикадан өту барысы туралы кері байланыс ұйымдастыру ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы ақпарат назарға алынып, 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін және кеңес құрамын өзгерту жөніндегі ұсыныстар белгіленген тәртіппен қаралсын.
2. Колледждің басым бағыттары қолдау тауып, кеңес мүшелері оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, материалдық базаны нығайтуға, практика мен жұмысқа орналастыруға және әлеуметтік қолдауға жәрдемдессін.
3. Әлеуметтік серіктестердің «Career Hub» платформасында тіркелуіне және студенттерді «Enbek.kz» порталы арқылы рәсімдеуге жәрдемдесіп, жауапты тұлғалардың өзара байланысы қамтамасыз етілсін.
4. Зертханалар мен шеберханалардың қажеттіліктері жинақталып, әлеуметтік серіктестердің қолдау көрсету мүмкіндіктері қарастырылсын.
5. Колледждің өнерпаз студенттері мен Студенттер парламенті белсенділерінің қатысуымен серіктес ұйымдарда алдын ала келісілген кесте бойынша көшпелі құттықтау концерттері өткізілсін.
6. Студенттердің мамандығына сай, қауіпсіз әрі тәлімгерлік қолдаумен қамтылған сапалы өндірістік практикадан өтуін қамтамасыз ету жұмысы жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.К. Муканов

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы А.Г. Бисенгалиева